

«AKASHI» КК-ның ESG саласындағы саясаты

1. Әзірлеу мақсаты және қолданылу аясы

Akashi-дің ESG саласындағы Саясатының (бұдан әрі – Саясат) мақсаты – экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторларды (ESG) жүйелі басқару есебінен Компанияның ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен өсуін қамтамасыз ету.

Саясатты іске асыру операциялық және инвестициялық тәуекелдерді төмендетуге, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қызмет нәтижелерінің болжамдылығын қамтамасыз етуге және Компанияның инвестициялық тартымдылығын нығайтуға бағытталған.

Саясат негізгі мүдделі тараптардың, оның ішінде акционерлердің, қызметкерлердің және сыртқы тараптардың мүдделерін ескере отырып, қауіпсіз жұмыс ортасын құруға, бизнес құндылығын қорғауға және қызметті жауапкершілікпен жүргізуге бағытталған.

2. ESG нормативтік базасы

Компания экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару (ESG) саласындағы қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және АХҚО актілеріне, Компанияның Жарғысы мен ішкі нормативтік құжаттарына, Компанияның шарттарында көзделген міндеттемелеріне сәйкес, сондай-ақ ESG және корпоративтік басқару саласындағы танылған халықаралық тәсілдер мен үздік тәжірибелерді ескере отырып жүзеге асырады.

Жобаларды іске асыру кезінде Компания экологиялық сараптама талаптарының, рұқсат құжаттамаларының және өзге де міндетті рәсімдердің сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді бағалау мен қоғамдық талқылаулардың нәтижелерін ескереді.

Компания жобалардың өмірлік циклінің барлық сатыларында: жоспарлау мен жобалаудан бастап, құрылыс пен пайдалануға дейін экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық тәуекелдерді басқарудың жүйелі тәсілін қолданады.

3. ESG принциптері

Экологиялық және әлеуметтік аспектілер бөлігінде Компания мынадай принциптерді басшылыққа алады:

Тәуекелдердің алдын алу басымдылығы

Компания экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді ерте сатыларда анықтауға және алдын алуға ұмтылады, ықтимал теріс әсерлерді олар туындағанға дейін барынша азайтады.

Қауіпсіздік басымдылығы

Қызметкерлердің, мердігерлердің және Компания қызметіне қатысушы өзге де тұлғалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету басқарушылық шешімдер қабылдау кезіндегі сөзсіз басымдылық болып табылады.

Адам құқықтарын құрметтеу және кемсітушілікке жол бермеу

Компания барлық жұмыскерлер мен мүдделі тараптарға тең әрі құрметпен қарауды қамтамасыз етеді, кемсітушілікке, қудалауға, харассментке, зорлық-зомбылыққа және жол берілмейтін мінез-құлықтың өзге де нысандарына жол бермейді, сондай-ақ Компанияның ішкі рәсімдеріне сәйкес мұндай жағдайлар туралы қауіпсіз хабарлау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Ресурстарды жауапкершілікпен пайдалану

Компания табиғи, энергетикалық және өзге де ресурстарды ұтымды әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге ұмтылады.

Талаптар мен міндеттемелерді сақтау

Компания қолданыстағы заңнаманың, рұқсат құжаттамасының, ішкі регламенттердің және қабылданған міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз етеді.

Мүдделі тараптардың мүдделерін ескеру

Компания өз қызметі мен жобаларын іске асыру кезінде акционерлердің, қызметкерлердің, мердігерлердің, мемлекеттік органдардың және өзге де мүдделі тараптардың мүдделерін ескереді.

Өзара әрекеттесу және ашықтық

Компания мүдделі тараптарды қызметтің маңызды аспектілері туралы хабардар етеді және кері байланысты ескере отыра, олармен сындарлы өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді.

Жауапты сатып алулар

Компания жеткізушілерді, мердігерлерді және жабдықты таңдау кезінде экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілерді ескеруге ұмтылады, қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге, ресурстарды ұтымды пайдалануға және жеткізу тізбегінің тұрақты дамуына ықпал ететін шешімдерге басымдық береді.

Инновациялар және тұрақты технологиялар

Компания нысандардың энергия тиімділігін, сенімділігін және экологиялық тұрақтылығын олардың бүкіл өмірлік циклі бойы арттыруды қамтамасыз ететін заманауи инженерлік және цифрлық шешімдерді қолдануға ұмтылады.

Үздіксіз жетілдіру

Компания практикалық тәжірибе мен бизнес міндеттерін негізге ала отырып, экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілерді басқару тәсілдерін дамытады және жетілдіреді.

Компания ESG басқару жүйесінің тиімділігін тұрақты бағалауды қамтамасыз етеді, оның тиімділігіне мониторинг пен ішкі бағалау жүргізеді, ал қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшыларды іске қосады және бағалау нәтижелерін өз қызметін жетілдіру үшін пайдаланады.

Корпоративтік басқару бөлігінде Компания мынадай принциптерді басшылыққа алады:

Акционерлердің мүдделерін қорғау

Компания қызметтің ашықтығы, қабылданатын шешімдердің негізділігі және бизнес құндылығына әсер ететін тәуекелдерді жүйелі басқару есебінен акционерлердің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Қызметтің басқарылымдылығы пен ресімделуі

Компанияның қызметі шешімдердің қайталанымдылығын, орындалуын бақылауды және операциялық модельдің тұрақтылығын қамтамасыз ететін ресімделген бизнес-процестер, регламенттер мен рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.

Шешімдердің ашықтығы және қадағалануы

Компания негізгі басқарушылық шешімдерді қабылдау процесінің ашықтығы мен қадағаланылуын қамтамасыз етеді, оның ішіне негіздемелердің, келісулердің болуы және жауапкершіліктің тіркелуі кіреді.

Өкілеттіктерді бөлу және бақылау

Компанияда басқару органдары мен лауазымды тұлғалар арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктің нақты бөлінуі, сондай-ақ шешімдерді қабылдау мен орындалуының бақылау

механизмдерінің болуын қамтамасыз етіледі.

Есеп берушілік және жауапкершілік

Барлық деңгейдегі басшылар өз өкілеттіктері шегінде қызмет нәтижелері үшін, оның ішінде осы Саясаттың сақталуы үшін жауапты болады, бұл ретте тұрақты бақылау мен есептілік қамтамасыз етіледі.

Қызметтің ашықтығы

Компания Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес акционерлер мен өзге де мүдделі тараптардың шешім қабылдауы үшін қажетті көлемде өз қызметі туралы елеулі ақпаратты ашуды қамтамасыз етеді.

Адалдық және іскерлік этика

Компания өз қызметін адалдық, әділ бәсекелестік принциптері негізінде жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлықты, мүдделер қақтығысын, алаяқтықты және өзге де адал емес практикаларды қабылдамайды. Компания заңнаманы, ішкі нормативтік құжаттарды және іскерлік этика қағидаттарын сақтауға негізделген корпоративтік мәдениеттің дамуын қамтамасыз етеді.

ESG басқару жүйесі

Экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілерді (ESG) басқару жүйесі Компанияны басқарудың жалпы жүйесінің бөлігі болып табылады және стратегиялық жоспарлау, жобаларды іске асыру және операциялық қызмет процестеріне кіріктіріледі.

ESG басқару мынадай қағидаттарда жүзеге асырылады:

- жауапкершілікті үлестіру;
- бизнес-процестерге кіріктіру;
- бақылау және есеп берушілік;
- тұрақты мониторинг және жетілдіру.

3.1. Директорлар кеңесінің рөлі

Компанияның Директорлар кеңесі:

- ESG саласындағы жалпы стратегиялық бағдарларды айқындайды;
- бизнестің құны мен тұрақтылығына елеулі әсер етуі мүмкін негізгі ESG-тәуекелдері мен мәселелерді қарайды;
- ESG-тәсілдерді енгізу бөлігінде Басқарманың қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- Компанияның жиынтық ESG-есептілігін қарайды;
- ESG-ге байланысты шешімдер қабылдау кезінде акционерлердің мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз етеді.

3.2. Басқарманың рөлі

Компанияның Басқармасы:

- ESG-саясатты іске асыру тәсілдерін айқындайды және бекітеді;
- өз құзыреті шегінде ESG саласындағы ішкі құжаттар мен рәсімдерді бекітеді;

- елеулі ESG-тәуекелдерді қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды;
- ESG-талаптардың Компания қызметіне кіріктірілуін бақылайды;
- ESG-көрсеткіштері бойынша тұрақты есептілікті қарайды.

3.3. ESG атқарушы басқаруы

Басқарма мүшесі — Стратегия және ESG жөніндегі директор:

- ESG-саясаттың және Басқарманың тиісті стратегиялық шешімдерінің іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- ESG саласындағы ішкі регламенттерді, рәсімдер мен құралдарды әзірлеуді және енгізуді ұйымдастырады;
- ESG-талаптардың бизнес-процестерге, жобаларға және операциялық қызметке кіріктірілуін қамтамасыз етеді;
- ESG мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді;
- ESG-тәуекелдерін анықтау, бағалау және басқару жүйесін ұйымдастырады;
- ESG-есептілікті жинауды, талдауды және Басқарма мен Директорлар кеңесіне ұсынуды қамтамасыз етеді;
- елеулі ESG-мәселелер мен тәуекелдерді Басқарманың қарауына шығарады;
- ESG мәселелері бойынша акционерлермен, инвесторлармен және өзге де мүдделі тараптарымен өзара әрекет жасайды.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері өз қызметі шеңберінде ESG-талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді және Саясат пен рәсімдерді іске асыру мәселелері бойынша Басқарма мүшесі — Стратегия және ESG жөніндегі директормен өзара әрекет жасайды.

3.4. ESG-ні бизнес-процестерге кіріктіру

ESG-талаптар Компанияның негізгі процестеріне кіріктіріледі, оның ішінде:

- стратегиялық және инвестициялық жоспарлау;
- нысандарды жобалау және салу;
- мердігерлерді таңдау, бағалау және басқару;
- операциялық қызмет;
- тәуекелдерді басқару жүйесі.

Басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде мыналарға әсер етуі мүмкін ESG-факторлар ескеріледі:

- жобалардың және жалпы бизнестің тұрақтылығы;
- қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігі;
- экологиялық әсер;

- Компанияның беделі;
- бизнестің құны.

3.5. ESG-тәуекелдерді басқару

Компанияда ESG-тәуекелдерді басқаруға жүйелі тәсіл іске асырылады, ол мыналарды қамтиды:

- экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық тәуекелдерді анықтау;
- олардың маңыздылығын бағалау және басымдықтарын айқындау;
- басқару шараларын әзірлеу және енгізу;
- тұрақты қайта қарау және өзектендіру.

ESG-тәуекелдер Компанияның тәуекелдерді басқарудың жалпы жүйесінің бөлігі ретінде қаралады және елеулі болған жағдайда Басқарма деңгейінде қаралуға жатады.

3.6. Мониторинг және есептілік

Компания мыналарды қамтамасыз етеді:

- ESG-көрсеткіштерді жинау және шоғырландыру;
- талаптар мен нысаналы көрсеткіштердің орындалуына тұрақты мониторинг;
- Басқарма, Директорлар кеңесі және акционерлер үшін есептілікті дайындау;
- мониторинг нәтижелерін басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде пайдалану.

3.7. Бақылау және ішкі аудит

ESG-саясаттың сақталуын бақылауды мыналар жүзеге асырады:

- Компанияның Басқармасы;
- Басқарма мүшесі – Стратегия және ESG жөніндегі директор;
- жауапты бөлімшелер;
- қажет болған жағдайда — ішкі аудит рәсімдері арқылы.

Бақылау нәтижелері мыналар үшін пайдаланылады:

- ауытқуларды анықтау;
- түзету іс-шараларын әзірлеу және іске асыру;
- ESG басқару жүйесін жетілдіру.

Компания ESG басқару жүйесіне ішкі бағалау жүргізеді және қажет болған жағдайда басқару жүйесінің тиімділігін растау, жетілдіру мүмкіндіктерін анықтау және ішкі талаптар мен үздік практикаларға сәйкестігін бағалау мақсатында тәуелсіз бағалаулар (аудиттер) жүргізуді ұйымдастырады.

4. ESG саласындағы мамандандырылған құжаттар мен рәсімдер

Осы Саясатты іске асыру мақсатында Компанияда қызметтің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілерін басқаруды реттейтін жекелеген ішкі құжаттар, регламенттер мен рәсімдер әзірленеді және қолданылады.

Аталған құжаттар ESG басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және осы Саясатта белгіленген принциптер мен тәсілдердің практикалық түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

4.1. Тәуекелдерді басқару

Компанияда мыналарды айқындайтын жеке құжат әзірленеді және қолданылады:

- тәуекелдерді анықтау, бағалау және басымдықтарын айқындау тәртібі;
- басқару шараларын әзірлеу мен іске асыру тәсілдері;
- тәуекелдерге мониторинг жүргізу және оларды қайта қарау тәртібі.

Аталған құжатты Компанияның Басқармасы бекітеді және ол тұрақты түрде қайта қаралуға тиісті.

4.2. Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік

Компанияда мыналарды реттейтін жекелеген құжаттар мен рәсімдер әзірленеді және қолданылады:

- қоршаған ортаға әсерді басқару;
- еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік;
- еңбек жағдайлары және персоналмен өзара әрекет;
- жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекет.

Тиісті құжаттарды Компанияның Басқармасы бекітеді және олар қажеттілігіне қарай өзектендірілуге жатады.

4.3. Мүдделі тараптармен өзара әрекет

Компания жекелеген регламенттер негізінде мүдделі тараптармен жүйелі өзара әрекетті қамтамасыз етеді, оның ішінде:

- мүдделі тараптарды айқындау және жіктеу;
- өзара әрекет ету және хабардар ету тәртібі;
- өтініштер мен шағымдарды қарау механизмі.

Аталған регламенттерді Компанияның Басқармасы бекітеді.

4.4. Корпоративтік басқару және акционерлердің мүдделерін қорғау

Компанияда корпоративтік басқару мәселелерін реттейтін ішкі құжаттар қолданылады, оның ішінде:

- Компанияның басқару органдарының өзара әрекет тәртібі;

- басқарушылық шешімдерді дайындау және қабылдау рәсімдері;
- өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін ажырату;
- ақпаратты ашуға және қызметтің ашықтығына қойылатын талаптар;
- акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау механизмдері.

Аталған құжаттар мыналарды қамтамасыз етеді:

- басқарушылық шешімдердің ашықтығы мен қадағаланымдылығы;
- басшылықтың акционерлер алдындағы есеп берушілігі;
- стратегиялық және инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде ESG-факторларды ескеру;
- басқарушылық және беделдік тәуекелдерді төмендету.

Тиісті құжаттар белгіленген тәртіппен бекітіледі және тұрақты қайта қаралуға жатады.

4.5. ESG-көрсеткіштер және есептілік

ESG саласындағы қызметтің тиімділігін бағалау үшін Компанияда мыналарды айқындайтын жеке құжат әзірленеді және қолданылады:

- ESG-көрсеткіштердің (метрикалардың) тізбесі;
- оларды есептеу және деректерді жинау тәртібі;
- нысаналы мәндер және оларды белгілеу тәсілдері;
- мониторинг пен есептіліктің кезеңділігі.

Бұл құжатты Компанияның Басқармасы бекітеді және ол тұрақты түрде қайта қаралуға тиісті.

4.6. ESG жүйесін сыртқы бағалау

Компания қызметтің ашықтығын және мүдделі тараптардың сенімін арттыруға ықпал ететін танылған тәсілдерді, тәуелсіз бағалауларды, ESG-рейтингтерді және өзге де құралдарды пайдалана отырып, ESG жүйесінің кемелдігін объективті бағалауға ұмтылады.

5. Сақтаудың міндеттілігі және бақылау

Компанияның барлық басқару органдары, құрылымдық бөлімшелері және жұмыскерлері үшін өз өкілеттіктері шегінде осы Саясатты қолданулары міндетті.

Саясаттың талаптары мына сұрақтар кезінде ескерілуі тиіс:

- басқарушылық шешімдер қабылдау;
- инвестициялық және операциялық жобаларды іске асыру;
- ішкі құжаттар мен рәсімдерді әзірлеу;
- мердігерлермен және өзге де контрагенттермен өзара әрекет жасау.

Компания осы саясаттың ережелерін жұмыскерлерге, ал қажет болған жағдайда мердігерлер мен

серіктестерге жеткізуді қамтамасыз етеді.

Саясаттың сақталуын бақылауды мыналар жүзеге асырады:

- Директорлар кеңесі — стратегиялық бақылау бөлігінде;
- Басқарма — жалпы бақылау және шешімдер қабылдау бөлігінде;
- Басқарма мүшесі – Стратегия және ESG жөніндегі директор — өз құзыреті шегінде осы Саясат талаптарының сақталуын үйлестіру, бақылау және бағалау бөлігінде;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары — өз қызметі шеңберінде талаптардың орындалуы бөлігінде.

Саясаттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында:

- белгіленген талаптардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіледі;
- ауытқулар мен бұзушылықтар анықталады;
- түзету іс-шаралары әзірленеді және іске асырылады.

Осы Саясат талаптарының сақталмауы қолданыстағы заңнамаға және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шаралардың қолданылуына әкелуі мүмкін.

6. Саясатты қайта қарау

Осы Саясат мыналарды ескере отырып тұрақты түрде қайта қаралуға жатады:

- заңнамадағы өзгерістер;
- Компанияның құрылымы мен қызметіндегі өзгерістер;
- ESG саласындағы практикалар мен тәсілдердің дамуы;
- мониторинг нәтижелері және Саясатты қолдану практикасы.

Саясатты қайта қарау қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

Қайта қарауға бастамашы болып келесілер шыға алады:

- Директорлар кеңесі;
- Басқарма;
- Басқарма мүшесі – Стратегия және ESG жөніндегі директор.

Саясаттың жаңартылған редакциясы Компанияның Басқармасымен бекітілуі тиіс.